

ЭКОНОМИКА

ЭОК 330

Абдикадирова А.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті

ҚАЗАҚСТАНДА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН АСЫЛДАНДЫРУДЫ СУБСИДИЯ ТҮРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМІ

Аңдатпа

Бұл мақалада мемлекет тарапынан мал шаруашылығын асылдандыруды субсидияландыру механизмдері мен мемлекеттік бағдарламалар қарастырылған.

Кілт сөздер: мал шаруашылығы, малдарды асылдандыру, мал шаруашылығын субсидияландыру

Кіріспе

Ауыл шаруашылығының негізгі саласының бірі - мал шаруашылығы, соның ішінде асыл тұқымды мал шаруашылығының маңызы зор. Мал шаруашылығы саласында жетекші орынды етті малдар, ал қалғандары сүтті және етті-сүтті бағыттағы малдар алады. Жалпы, асыл тұқымды мал дегеніміз – тұқымның өнімділік типіне, бағыты мен деңгейіне сай келетін, асыл тұқымды малдың карточкасы немесе асыл тұқымдық куәлігі бар таза тұқымды, жоғары сыныпты, өнімділігі жоғары мал [1].

Еліміз асыл тұқымды мал өсіретін ірі аймақтардың бірі. Ал асыл тұқымды мал өнімдері агробизнесінің жоғары экспорттық мүмкіндігі зор салаларының бірі. Сондықтан мал басын асылдандыру ісіне соңғы жылдары бізде үлкен бетбұрыс жасалды.

Ғасырлар бойы халықтық сұрыптаулардың негізінде асыл тұқымды болып қалыптасқан етті-майлы бағыттағы еділбай, етті-жүнді ақжайық кроссберд қойлары, етті бағыттағы қазақтың ақбас сиырлары, өнімділік бағыттағы көшім тұқымды жылқылары өсіріле бастады.

Еліміздің ауыл шаруашылығы салаларының барлық бағыттарын дамыту мен халықтың азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың маңызды құжаты Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешенін өркендетудің 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы қабылданды [2].

Бүгінгі таңда асыл тұқымды мал санының кемуі, әсіресе саны аз көшім, қаракөл, ақжайық мал тұқымдарының құнды гендік қорының жоғалып кетуінің қаупі туып отыр. Асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтарда қалыптасып отырған жағдай малды асылдандыру ісін жақсартуды, оның тұқымдық және өнімділігі сапасын артыруда шешімді шаралар алуды талап етеді. Сонымен қатар қолданылып келген селекциялық мал тұқымын асылдандыру жұмысын ұйымдастырып, республикалық бюджеттен арнайы қаржы көздерін бөлуде. Мемлекеттен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне асыл тұқымды мал сатып алу үшін несиелер бөліп, түрлі қаржылай қолдаулар көрсетуде.

Экономиканың аграрлық секторын дамыту мақсатында мал шаруашылығы саласының басым бағыттары таңдап алынды. Ол - ет және сүтөнімдерін өндіру, құс шаруашылығы мен биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту. Енді осы бағыттарды дамытуға қаржылық мүмкіндіктерді жұмылдыру көзделген. Өндіріс технологиясы мен өнім сапасы төмен болғандықтан, саланың дамуына ұсақ тауарлы өндіріс қолбайлау болып отыр. Осы мәселені шешу үшін өнеркәсіптік негізде және кооперацияларды дамыту бағытындағы орта және ірі тауарлы өндірістерді құру есебінен қол жеткізіледі. Ол үшін ұлттық қордан алынған «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингінің қаржыландыруымен, заманауи

технологияларға негізделген инвестициялық жоба ретінде жаңа өндірістерді құру жоспарланған. Яғни ұсақ тауар өндірушілерді кооперативтерге және кластерлерге біріктіруге басымдылық беріледі. Мысалы, бордақылау алаңдарына жас мал өткізетін ұсақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері және отбасылық фермаларды ынталандыру арқылы, ет кластерін құруға мүмкіндік бар және соның негізінде бордақылау алаңдарын үнемі етпен қамтамасыз ету шаралары қарастырылған. Одан бөлек дайын фермаларды модернизациялауға кететін шаруашылық шығындарына субсидия беріледі. Ал ұсақ тауар өндірушілердің бірігуі мен кооперация үрдісін ынталандыру үшін қазірдің өзінде мемлекет жеңілдетілген ұзақ мерзімді несие беріп отыр. Осы шараларды іске асыру арқылы 2017 жылға қарай жалпы сүт өндіру көлемін қазіргі 10,2%-дан 16,1% дейін және ет өндіру көлемін қазіргі 20,6%-дан 31,9% дейін арттыруды межелеп отыр [3].

Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Мемлекеттік қолдаудың негізгі нысаны:

1) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға, дамытуға және қалпына келтіруге;

2) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымды өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

3) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуіне бағытталған іс-шараларды субсидиялау болып табылады.

Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттарын, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әрбір түріне, асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларға арналған субсидиялардың нормативтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды [4].

Қазақстанның кең жайылымдық алқабы (180 млн.га) мен мал шаруашылығындағы дәстүрлі әдет-ғұрпы сапасы жоғары экологиялық таза ет өндірудің ауқымды әлеуетіне ие. Алайда бұл әлеует өсімдік шаруашылығының көлеңкесінде қалып, ет өндіру бойынша саланың технологиялық тізбегін дамыту жөніндегі шаралар кешенінің жоқтығына байланысты тиісті деңгейде пайдаланылмады. Осыған байланысты, Мемлекет басшысы 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына жолдауында орта мерзімді перспективада қазақстандық ет экспортының көлемін 2016 жылы 60 000 тоннаға дейін жеткізу міндетін қойды. Мұның экономика үшін қандай эффект беретінін есептеу қиын емес: егер ұзақ мерзімді перспективада сыртқы нарықтарға килограммы 1000 теңге орташа бағамен 180 мың тонна ет өткізсек, онда отандық өндірушілердің экспорттық табысы шамамен 1 млрд. АҚШ долларын құрайды. Бұл мақсатқа жету үшін ет индустриясын дамыту қажет екені түсінікті де, яғни ет бағытындағы малдың үлесін ел бойынша ІҚМ жалпы санынан кем дегенде 60% дейін арттыру бойынша шаралар қолдану керек. Осы уақытқа дейін Қазақстанда сиыр етін өндірудің негізгі көзі кәрі және бракқа шығарылған сиырлар мен еттің үлесіне бұл түрінің 97,9% келетін сүт табынынан шығатын бордақыланатын құрамы болатын. Туындаған бұл жағдайдан шығу жолы қолда бар нашар тұқымды төлдейтін малдар басын ет бағытындағы жоғары өнімді өгіздермен будандастыру, басқа сөзбен айтсақ, тауар табынның тұқымды өзгертуді жүргізу. Сонымен бірге, бар асыл тұқымды өгіз-өндірушілер мал басының саны, тауарлық табынның көп бөлігінің төмен өнімді сапасы аталған міндетті ішкі мүмкіндіктер есебінен белгіленген мерзімде шешуге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, мал шаруашылығын дамыту – бұл, жаңа жұмыс орындарын құрумен қатар салықтық түсімдерді ұлғайту, өсімдік шаруашылығын әртараптандыру үшін жақсы ынталандыру екенін айта кету керек. «ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жөніндегі жобаның мәні экономикалық тиімді технологиялық тізбек қалыптастыру және аталған жобаның әрбір компонентін дамыту болып табылады [5]:

1) тауарлы шаруашылық, оның міндеті төл алу және оны 6-12 айлық жасқа дейін өсіру, осы жасқа жеткен соң төл бордақылау алаңына тапсырылуы қажет. Бұл компоненттің қажетті бөлігі алынатын бордақылау контингентінің сапасына тікелей байланысты болатын асыл тұқымдық істі дамыту болып табылады;

2) келесі компонент – бұл өнеркәсіптік бордақылау алаңдары. Бордақылау алаңдары 3-6 ай ішінде қарқынды бордақылауды және союға арналған малдың тауарлық партиясын қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс;

3) және осы тізбектің соңғы бөлігі – ет комбинаттары, олар ірі қара малды союды және ішкі нарық пен экспортқа тасымалдау үшін еттің тауарлық партиясын қалыптастыруды қамтамасыз ететін болады; бұдан басқа, алынған ет өнімдерін шығару үшін де пайдаланылатын болады.

«Сыбаға» бағдарламасы шеңберінде аналық табынды сатып алу бойынша 2011-2013 жылдарға арналған жоспар 124 мың бас болатын, осы жылдары іс жүзінде 166 мың бас ІҚМ сатып алынды, асыра орындау 34%-ды құрады. Тек 2013 жылдың өзінде фермерлер 50,7 мың бас ІҚМ сатып алды. Аналық мал басын сатып алу бойынша 2014 жылға арналған жоспар 50,0 мың басты құрайды. Осы жылдан бастап мал басын сатып алуға фермерлерді қаржыландыру үшін «Қаз агро» холдингінің еншілес ұйымдарымен қатар екінші деңгейлі банктер мен кредиттік серіктестіктер тартылады. Жаңа «Агробизнес 2020» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік бюджеттен кредиттер бойынша сыйақы ставкасы субсидияланатын болады. Тауарлық табынды сапалық жағынан жақсарту тұқымдық түрлендіру есебінен жүргізіледі. Бұл бағытта ең негізгісі – өзінің ұрпағына генетикалық әлеует беретін өнімділігі жоғары асыл тұқымды бұқаларды пайдалану. Тұқымдық түрлендіру 2013 жылдың қорытындысы бойынша агроқұрылымдар мен фермерлік шаруашылықтардағы ІҚМ 390 000 астам аналық басын қамтыды. Өткен жылдармен салыстырғанда аналық мал басын тұқымдық түрлендірумен қамту көрсеткіші жақсарды, ол бағдарламаны іске асырудың негізгі өлшемі болып табылады. Осы жерде айта кету керек, өңірлер бөлінісінде аналық мал басын тұқымдық түрлендіруге тартуға Батыс Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарының фермерлері белсенді түрде қатысуда, оларда аналық мал басының тұқымдық түрлендірумен қамтылуы 31-ден 16 пайызға дейін құрайды. Асыл тұқымды бұқаларды пайдалану есебінен бұқалардың орташа сойылған салмағы біртіндеп ұлғаяуда. Қазір ол еліміз бойынша орташа есеппен 160 кг, ұйымдасқан шаруашылықтарда – 190 кг құрайды. Бұл жаман нәтиже емес, 2010 жылы орташа сойылған салмақ тиісінше 156 және 166 кг құраған болатын. Салыстыру үшін: мал шаруашылығы дамыған елдерде бұл көрсеткіш – 300 кг кем емес.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2011 жылдан бері етті мал шаруашылығын жаңа деңгейге көтеретін мал бордақылау алаңдарын, асыл тұқымды шаруашылықтар-репродукторлар, ұдайы мал өндірісі мен табынды басқару орталықтарын, ілеспелі инфрақұрылымдар (жемшөп өндірісі, ветеринарлық қауіпсіздік) құру бойынша шаралар кешенін көздейтін асыл тұқымды етті мал шаруашылығын дамыту бойынша жобаларды қаржыландыра бастады.

Қазіргі кезде «ҚазАгроҚаржы» АҚ 16 087 бас асыл тұқымды етті ІҚМ әкелуді жүзеге асырды, соның ішінде 2011 жылы - 5 321 мал, 2012 жылы - 10 766 мал. Оның ішінде етті-майлы қойлар Австралия, Англия, Тәжікстан, Германиядан жеткізілсе, сүтті ірі қаралар Германия, Швейцария, Канададан, Дания мен Польшадан әкелінді. Ет бағытындағы ірі қаралар Англия, Канада, Шотландия, Франция, АҚШ, Германиядан әкелінген. Сарапшылардың талдауы бойынша алға қойылған міндетті шешу үшін 5 жыл ішінде ет бағытындағы үздік әлемдік тұқымды 72 мың асыл тұқымды ІҚМ мал басын әкелу қажет [6].

Шет елден әкелінетін мал келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- қысқа уақыт ішіндегі төлдің өсу қарқындылығы жоғары;
- тірідей түпкі салмағы жақсы және тұтас етінің сапасы жоғары;

- жыл сайын дені сау бір бұзау тууға қабілеті бар аналық малдың ұдайы өндіру сапасы жоғары;


- бұқалардың генетикалық көрсеткіштері жоғары;

- малдардың тез көндіуге қабілеттілігі.

Әкелінген асыл тұқымды малдардың өңірлер бойынша саны 1-суретте көрсетілген.

Осылайша, әлемдік асыл тұқымды сиырлар мен өгіздерді әкелу - объективті қажеттілік. Табынның тұқымын жақсартудың басқа да әдістері бар: ұрықтарды немесе жоғары өнімді донорларды импорттау, шетелдік селекцияның эмбриондарын транспланттау.

Етті мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаға сәйкес жыл сайын 300 мың төлдейтін мал басы шетелдік селекцияның жоғары өнімді өгіздерімен (герефордтер, ангустер және басқалар) будандастырылуы керек.



Сурет 1 – Өңірлер бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржыландыруымен әкелінген ірі қара мал саны

Қазақстанда ұрықтың мұндай көлемі жоқ. Ұрықты шетелдік компаниялардан сатып алатын болсақ, ұрықтың бір мөлшерінің минималды бағасы 10 АҚШ доллары болатын жағдайда, 9 миллиард 344 миллион теңге қажет. Алайда асыл тұқымдар орталықтарында ұрықты алу жүргізілетін, Қазақстанға жоғары өнімді сапасы жағынан бағаланатын ет тұқымдас өгіздерді әкелу арзанға түседі. Ұрықтың қажетті мөлшерін алу үшін 320 асыл тұқымды өгіз қажет. Оларды шетелден сатып алу үшін 1 миллиард 401 миллион 600 мың теңге қажет болады. Ұрғашы малдарды жасанды ұрықтандырудың нәтижелілігі көп жағдайда өндірушілердің жеке ерекшеліктеріне байланысты пайдаланылатын ұрықтың сандық және сапалық көрсеткіштеріне байланысты [7].

Осылайша, отырғызу және жоғары өнімді донорларды әкелу үшін шетелдік мамандарды тартумен, трансплантациялау бойынша отандық кадрларды даярлаумен шетелдік селекцияның эмбриондарын сатып алуға жұмсалатын шығындар шетелдік ұрықтарды сатып алуға жұмсалатын шығындардан 6 есе көп және ұрпақтарының сапасы жағынан бағаланған асыл тұқымды өгіздерді сатып алудан 44 есе қымбат. Сонымен бірге, асыл тұқымды малдарды шетелден әкелу нақты дәл нәтиже береді, өйткені негізінен төлдемегендер импортталады, ал олар Қазақстанда төлдейді. Нәтижесінде біз жылына асыл

тұқымды мал басының екі есе артуына қол жеткіземіз. Эмбриондарды трансплантациялау жолымен жыныс мүшелері жетілген қашарды алу үшін 2,5 – 3 жыл талап етіледі, ал жасанды ұрықтандырудың көмегімен таза тұқымды төл алу үшін малдың 4-5 ұрпағын алу керек, бұл үздіксіз селекцияның 10-15 жылы. Осылайша, асыл тұқымды малдардың импорты негізделген және өте қажет.

Фермерлік шаруашылықтарды тұқымдық түрлендіруге ынталандыру үшін 2014 жылдан бастап:

1) ірі қара малдың аналық басына арналған субсидиялар нормативтері бір басқа 18,0 мың теңгеге дейін ұлғайтылды (2012 жылы – 12,0 мың теңге, 2013 жылы – 14,0 мың теңге);

2) отандық селекцияның асыл тұқымды ІҚМ сатып алуға арналған субсидия нормативі бір басқа 118,0 мың теңгеден 154,0 мың теңгеге дейін ұлғайтылды;

3) жаңа бағыт енгізілді – бұқашықтарды экспортқа бағдарланған бордақылау алаңдарына өткізуді 1 басқа 15 мың теңгеден субсидиялау.

«Қазагро» Ресей Федерациясының үлгісі «сиыр-бұзау» принципі бойынша мемлекеттік қолдауды ұсынады. Егер фермер бұл Бағдарламаға қатысатын болса, ол бұзау алады және одан әрі оны өсіріп, бордақылау алаңына тапсыруы тиіс, өйткені ол төлдейтін мал басын асырау үшін 30% жуық көлемде субсидия алады.

Мемлекет тарапынан ауылшаруашылығын қолдауға арналған қаржылай көмектің әр түрлі жобалары бар. Соның бірі «Сыбаға» бағдарламасы. Шарт бойынша ең жоғары несие сомасы - 18 000 000 теңге, сыйақы ставкасы- жылдық 6%, ең ұзақ мерзімі - 84 ай, 12 айдан 24 айға дейін жеңілдетілген кезеңімен беріледі. Аграрлық несие корпорациясының сыбаға бағдарламасын жүзеге асырудағы мақсаты - еліміздегі етті малдың үлесін арттыру.

2013 жылы асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 12 699,2 млн.теңге көлемінде субсидия бөлінді, оның ішінде асыл тұқымды төлге - 953,6 млн.тг., ірі қара малдың асыл тұқымды төліне - 1 798,6 млн.тг., импорттық асыл тұқымды төлге - 1 462,8 млн.тг., тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға - 106,2 млн.тг., тұқымдық бұқалардың ұрығына - 18,1 млн.тг., асыл тұқымды жұмыртқаға - 91,1 млн.тг., тәуліктік балапандарға - 36,7 млн.тг., эмбриондарға - 0,8 млн.тг., ІҚМ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізуге - 6 961,3 млн.тг., қойлармен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізуге - 999,9 млн.тг., «Асыл түлік» АҚ - 194,9 млн.тг., «Қазақ тұлпары» ЖШС - 75,0 млн.тг.

Малдың көп үлесі «Асыл Түлік» АҚ келеді, ол Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша 2011 жылы құрылған Ақмола облысы Қосшы кентінде орналасқан ірі қара малдың асыл тұқымын өсірумен айналысады. Елдегі табынды ұдайы өндіруге қолданылатын малдың 95%-ға дейіні белгісіз тұқымды, нәтижесінде малдың тұқымдылығы нашарлайды, екі есеге жуық оның өнімділігі төмендейді, ет пен сүттің өзіндік құны өседі. Осымен асыл тұқым орталығын құру қажеттілігі туындайды. Елімізде, база тұқым қоймасы бар және 150 өндіруші бұқаларды ұстауға есептелген Қосшыдағы «Асыл» республикалық кәсіпорны Ақмола облыстық мемлекеттік асыл тұқымды станциясы қызмет етеді. 1996 жылы нарықтық жағдайлардың жаман бейімделуіне байланысты станция жабылған болатын. Орталықтың қайтадан құрылуына мемлекеттік қолдау көрсетілді. Мемлекеттік қолдауды жасанды тұқым қуалау бойынша орталықтың қызметтерін пайдаланатын жеке фермерлер көрсетеді. Бір малды жасанды тұқым қуалауға есептегенде шығындар орташа мың теңгені құрайды. Мемлекет 40 пайыздық дотациясын қарастырады, оның арқасында кіші фермерге бір рәсім 350 теңгені қажет етеді. Орталықтың мәселесі кадрлардың жетіспеушілігі болып табылады, өйткені алдында болған техник-тұқым қуалаушыларды дайындау жүйесі құлдыраған. Сонымен қатар, қажетті жабдықтарды отандық өндіру орталықтардың қымбаттылығы мен болмауынан техникалық жабдықтаумен де қиындықтар туындайды.

Өңірлер бойынша ет өнімдерін өндіруді дамытудағы субсидияларды бөлуді талдау үшін алдыңғы жылмен салыстырғанда субсидиялау пайыздары және етті өндірудің

осындай пайыздары есептелді (2007-2013 жылдар). Алынған есептемелерден және жоғарыда берілген материалдарды зерттеуден, мемлекеттік қолдаудың өңірлік деңгейі, ең алдымен, қолдау нысандарын жетілдіруді және бөлінген қаражаттар көлемін оңтайландыруды жоспарлайтындығы туралы қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі N 278 Заңы
2. Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешенін өркендетудің 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы.
3. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту» бағдарламасы. Астана, 2012.
4. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы
5. Кадушкина О. Быка за рога и в сельский гурт. АгроЖаршы. №8 (186). 2 марта. 2013. - С.10.
6. Есиркепова А.И. Маркетинговые исследования казахстанского рынка мяса. Алматы, 2013. - С.81.
7. ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің 2013 жылдың 12 қаңтарындағы «Мал шаруашылығының даму перспективалары мен ағымдағы жағдайы туралы» қорытынды есебі. Астана, 2013.

Абдикадинова А.

Комитет науки МОН РК

МЕХАНИЗМЫ СУБСИДИРОВАНИЯ ПЛЕМЕННОГО ЖИВОТНОВОДСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье отражены механизмы субсидирования племенного животноводства и государственные программы для поддержки фермеров в Казахстане.

Ключевые слова: животноводство, племенное животноводство, субсидирование животноводства.

Abdikadyrova A.

Science committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

THE SUBSIDY MECHANISM OF LIVESTOCK BREEDING IN KAZAKHSTAN

Annotation

The article reflects the mechanisms of subsidizing the breeding of livestock, and government programs to support farmers in Kazakhstan.

Keywords: animal husbandry, livestock breeding, livestock subsidies.